# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
# ЗАҢЫ
# ЗАКОН
# РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жасанды интеллект және цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Жедел-іздестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

«24-1-бап. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар саласындағы лицензиялау

1. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар саласындағы қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялануға тиіс.

2. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар саласындағы лицензиаттар тізбесін, нысандары мен мерзімділігін лицензиар біліктілік талаптары шеңберінде айқындайтын есептерді, хабарламаларды лицензиарға ұсынады.».

2. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

13-бап мынадай мазмұндағы 21-9) тармақшамен толықтырылсын:

«21-9) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестікке жүргізілетін тексерулер мен жоспардан тыс тексерулер нысанында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел-іздестіру

000948

іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар салаларында берілген рұқсаттар бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;».

3. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

«2-3) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестендіру құралдары басылған тауарларды бөлшек саудада өткізу кезінде сәйкестендіру құралдарын оқу арқылы деректерді тіркеп-белгілеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары арқылы операцияларды есепке алуды жүзеге асыруға;».

4. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 9) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер алып тасталсын.

5. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

27-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) қажетті ақпаратты тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) қоса берілген құжаттамада, тұтыну ыдысында, жапсырмаларда немесе тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жекелеген түрлері үшін қабылданған өзге де тәсілмен көрсете отырып, ықтимал қауіп-қатер туралы және құрамында жасанды интеллект құрауыштары бар тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) (жасанды интеллект жүйесі өндірген, орындайтын және (немесе) көрсететін) қауіпсіз пайдаланудың шарттары туралы тұтынушыға хабар беруге міндетті.».

6. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2) тармақшадағы «мәліметтер», «тіркелген сол мәліметтер» деген сөздер тиісінше «деректер, оның ішінде биометриялық деректер», «тіркеп-белгіленген сол деректер, оның ішінде биометриялық деректер» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

«2-3) дербес деректерді автоматтандырылған өңдеу – ақпараттандыру объектісінің дербес деректерді өңдеуі, бұл меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның өңдеу процесіне қатысуын болғызбайды;»;

2) 7-бапта:

тақырыптағы «жалпыға бірдей қолжетімді көздерден алынған» деген сөздер алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Дербес деректерді жинау және өңдеу нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарға қол жеткізумен шектелуге тиіс.

Дербес деректерді субъектіге мүліктік залал және (немесе) моральдық зиян келтіру, оның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын шектеу мақсатында жинауға және өңдеуге жол берілмейді.»;

мынадай мазмұндағы 11 және 12-тармақтармен толықтырылсын:

«11. Дербес деректерді жалпыға бірдей қолжетімді көздерден мақсатсыз алу арқылы дерекқорларды құру немесе кеңейту үшін дербес деректерді жинауға, өңдеуге тыйым салынады.

12. Субъектінің келісімі алынған жағдайды қоспағанда, субъектінің биометриялық деректерін жинау және оны сәйкестендіру жөніндегі технологиялық құралдарды, сондай-ақ жиналған биометриялық деректер мен сәйкестендіру ақпаратын қоғамдық орындарда пайдалану тек қана конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылуы мүмкін.»;

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«5. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта өзгеше белгіленбесе, дербес деректерді өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі дербес деректерді жинау мен өңдеу мақсаттарына қол жеткізуге қажетті мерзімнен аспайды.

6. Егер дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі көрсетілмесе, ол берілген кезінде айқындалған өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгенге дейін қолданыста болады деп есептеледі.

7. Субъектінің немесе оның заңды өкілінің меншік иесін және (немесе) операторды, сондай-ақ үшінші тұлғаны хабардар ете отырып, дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға құқығы бар.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді сақтау немесе өңдеу талап етілмесе, меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға он бес жұмыс күні ішінде оларды өңдеуді тоқтатуға не уәжді бас тартуды ұсынуға міндетті.»;

4) 17-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Дербес деректерді иесіздендіруді меншік иесі және (немесе) оператор өзі дербес жүргізген жағдайды қоспағанда, жасанды интеллектінің ұлттық платформасы үшін дербес деректерді жинау, өңдеу кезінде дербес деректерді иесіздендіруді жасанды интеллектінің ұлттық платформасының

операторы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес жүзеге асырады.»;

5) 2-тарау мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

«19-1-бап. Дербес деректерді автоматтандырылған өңдеуге қойылатын талаптар

1. Субъектінің келісімі алынған жағдайды қоспағанда немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, салдарынан субъектіде құқықтар, заңды мүдделер туындайтын, өзгеретін немесе тоқтатылатын дербес деректерді автоматтандырылған өңдеуге тыйым салынады.

2. Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға субъектіге өзінің дербес деректерін автоматтандырылған өңдеудің тәртібін және ықтимал салдарларды түсіндіруге, өзінің дербес деректерін автоматтандырылған өңдеуге қарсылық білдіру мүмкіндігін беруге, сондай-ақ субъектінің өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауы тәртібін түсіндіруге міндетті.

3. Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға осы баптың 2-тармағында көрсетілген қарсылықты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны қарауға және субъектіні осындай қарсылықты қарау нәтижелері туралы хабардар етуге міндетті.

Субъект меншік иелерінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.».

7. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 52-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Шектеусіз мерзімге берілген, ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы қызметінің және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінің жұмысы шеңберіндегі арнаулы техникалық құралдарды анықтау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған лицензиялар, жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар саласындағы және ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге арналған лицензиялар 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап алты ай ішінде, қолданылу мерзімдері шектелген лицензиялар осы Заңға 1-қосымшаға сәйкес қайта ресімделуге тиіс.»;

2) 1-қосымшаның 27, 28 және 29-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 27. | Ақпаратты криптографиялық қорғау | | Иеліктен шығарылмайтын; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құралдарын әзірлеуге арналған лицензия | | лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; 1-сынып |
| 28. | Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы қызметінің және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінің жұмысы шеңберіндегі арнаулы техникалық құралдарды анықтау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған лицензия | 1. Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдарды анықтау.<br>2. Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы қызметінің шеңберінде ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдарды анықтау.<br>3. Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінің жұмысы шеңберінде ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 3 жыл; кіші қызмет түрлері үшін лицензияның қолданылу мерзімі – 3 жыл; 1-сынып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құралдарды анықтау. | |
| 29. | Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия | 1. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдарды әзірлеу және өндіру.<br>2. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу. | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; кіші қызмет түрлері үшін лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; 1-сынып |

».

8. «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

30-6) тармақшадағы «электрондық» деген сөз «шетелдік жеке және заңды тұлғалардың қатысуынсыз Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, электрондық» деген сөздермен ауыстырылсын;

30-7) тармақшадағы «осы Заңда белгіленген құзыретіне сәйкес қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға» деген сөздер «шетелдік жеке және заңды тұлғалардың қатысуынсыз Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, осы Заңда белгіленген құзыретіне сәйкес ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасына ден қоюды жүзеге асыратын заңды тұлға» деген сөздермен ауыстырылсын;

43-1), 54) және 55) тармақшалар алып тасталсын;

2) 7-2-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) дербес деректер субъектілеріне хабар беру мақсатында қауіпсіздігі бұзылған дербес деректерді өңдеуге құқылы;»;

3) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы лицензиялау

1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялануға тиіс.

2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы лицензиаттар тізбесін, нысандары мен мерзімділігін лицензиар біліктілік талаптары шеңберінде айқындайтын есептерді, хабарламаларды лицензиарға ұсынады.»;

4) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

«17-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес ақпараттандыру субъектілерінің сұрау салуы бойынша деректерді талдауды жүзеге асырады;»;

5) 13-2 және 18-1-баптар алып тасталсын;

6) 35-бап мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Жасанды интеллектінің ұлттық платформасы операторының құпия болып табылатын электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуі электрондық ақпараттық ресурстарды иесіздендіруді қамтамасыз ету ескеріле отырып жүзеге асырылады. Деректер жасанды интеллектінің ұлттық платформасының операторына деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес беріледі.»;

7) 36-баптың 6-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Дербес деректерді автоматтандырылған өңдеу Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

үшінші бөлік алып тасталсын;

8) 39-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілеріне жатқызылған жасанды интеллект жүйелерін құру мен дамыту Қазақстан Республикасының жасанды интеллект саласындағы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

9) 54-баптың 3-3-тармағында:

бірінші абзацтағы «бір жыл ішінде» деген сөздер «алты ай ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

«ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтар рәсімінен өтеді;

жүргізілген ақпараттық қауіпсіздік аудиті бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға ақпарат береді.».

9. «Пошта туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

23-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендеріне қолма-қол ақшаны жеткізу жөніндегі шығындары (шығыстары) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайтын тәртіппен және шарттарда өтеледі.

Мұндай шығындар Ұлттық пошта операторының акциялар пакетінің жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі болған жағдайда өтеледі.».

10. «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» 2023 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) цифрлық актив айналымы – цифрлық активпен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) цифрлық активтер биржалары – цифрлық активтердің сауда-саттығын, шығарылуын, есептелуін және сақталуын ұйымдастырушылық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) цифрлық активті шығару – азаматтық құқықтар объектісі ретінде цифрлық активтің пайда болуына бағытталған әрекет;»;

8) тармақшадағы «деректерді шифрлаудың және өңдеудің» деген сөздер «шифрлаудың» деген сөзбен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы «және тұрғын аймақтың аумағынан тыс жерде орналасқан өндірістік ғимараттан тұратын,» деген сөздер «тұратын, есептеу қуаттарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, тұрғын аймақтың аумағынан тыс жерде орналасқан,» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы «алынған» деген сөз «пайда болған (жасалған)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-бапта:

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының дара кәсіпкерлеріне, заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат етіледі және ол цифрлық активтер айналымын ұйымдастыруға жатпайды.»;

6-тармақ алып тасталсын;

3) 10-баптың 4-тармағында:

«алынған» деген сөз «пайда болған (жасалған)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына» деген сөздер «цифрлық активтердің айналымын ұйымдастыруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Цифрлық активтер айналымын ұйымдастыру жөніндегі қызметті цифрлық активтер биржалары жүзеге асырады.»;

2-тармақ «банкі» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасының Ұлттық пошта операторы» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. «Астана» халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығына немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген, цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асыруға тиісті лицензиясыз немесе рұқсатсыз цифрлық активтер айналымын ұйымдастыруға тыйым салынады.».

5) 14-бапта:

бірінші абзацтағы «2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 8-баптың 4-тармағын қоспағанда, 2023 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі, осы тармақ 2024 жылғы 1 қаңтардан 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:» деген сөздер «2023 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац алып тасталсын.

11. «Масс-медиа туралы» 2024 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

14-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Жасанды интеллект жүйесі пайдаланыла отырып жасалған масс-медиа өнімін таратуға «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осындай өнім туралы хабар беру қамтамасыз етілген жағдайда ғана жол беріледі.».

2-бап. Осы Заң 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Президенті**

**Қ. ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 17 қараша

№ 231-VIII ҚРЗ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**

# З А Ң Ы

# З А К О Н

**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

## О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам искусственного интеллекта и цифровизации

Статья 1. Внести изменения и дополнения в следующие законодательные акты Республики Казахстан:

1. В Закон Республики Казахстан от 15 сентября 1994 года «Об оперативно-розыскной деятельности»:

дополнить статьей 24-1 следующего содержания:

«Статья 24-1. Лицензирование в сфере специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий

1. Деятельность в сфере специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий, подлежит лицензированию в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях.

2. Лицензиаты в сфере специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий, представляют лицензиару отчеты, уведомления, перечень, формы и периодичность которых определяются лицензиаром в рамках квалификационных требований.».

2. В Закон Республики Казахстан от 21 декабря 1995 года «Об органах национальной безопасности Республики Казахстан»:

статью 13 дополнить подпунктом 21-9) следующего содержания:

«21-9) осуществлять государственный контроль по выданным разрешениям в сферах обеспечения информационной безопасности и специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий, в форме проверок, проводимых на

000942

соответствие квалификационным или разрешительным требованиям по выданным разрешениям, и внеплановых проверок в соответствии с Предпринимательским кодексом Республики Казахстан;».

3. В Закон Республики Казахстан от 12 апреля 2004 года «О регулировании торговой деятельности»:

пункт 1 статьи 31 дополнить подпунктом 2-3) следующего содержания:

«2-3) при розничной реализации товаров, на которые нанесены средства идентификации в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан о регулировании торговой деятельности, осуществлять учет операций через контрольно-кассовые машины с функцией фиксации и (или) передачи данных путем считывания средств идентификации;».

4. В Закон Республики Казахстан от 5 июля 2004 года «О связи»:

в подпункте 9) статьи 2 слова «уполномоченным органом и утверждаемый Правительством Республики Казахстан» заменить словами «и утверждаемый уполномоченным органом».

5. В Закон Республики Казахстан от 4 мая 2010 года «О защите прав потребителей»:

статью 27 дополнить пунктом 6 следующего содержания:

«6. Продавец (изготовитель, исполнитель) обязан информировать потребителя о возможном риске и об условиях безопасного использования товара (работы, услуги), содержащего (содержащей) компоненты искусственного интеллекта (произведенного, выполняемой и (или) оказываемой системой искусственного интеллекта), указав необходимую информацию в документации, прилагаемой к товару (работе, услуге), на потребительской таре, этикетках или иным способом, принятым для отдельных видов товаров (работ, услуг).».

6. В Закон Республики Казахстан от 21 мая 2013 года «О персональных данных и их защите»:

1) в статье 1:

в подпункте 2) слово «сведения» заменить словами «данные, в том числе биометрические»;

дополнить подпунктом 2-3) следующего содержания:

«2-3) автоматизированная обработка персональных данных – обработка персональных данных объектом информатизации, исключающая участие собственника и (или) оператора, а также третьего лица в процессе обработки;»;

2) в статье 7:

в заголовке слова «из общедоступных источников» исключить;

пункт 8 изложить в следующей редакции:

«8. Сбор и обработка персональных данных должны ограничиваться достижением конкретных, заранее определенных и законных целей.

Не допускаются сбор и обработка персональных данных в целях причинения имущественного ущерба и (или) морального вреда, ограничения реализации прав, свобод и законных интересов субъекта.»;

дополнить пунктами 11 и 12 следующего содержания:

«11. Запрещаются сбор, обработка персональных данных для создания или расширения баз данных посредством нецелевого извлечения персональных данных из общедоступных источников.

12. Использование в общественных местах технологических средств по сбору биометрических данных и идентификации субъекта, а также собранных биометрических данных и идентификационной информации может осуществляться исключительно в целях защиты конституционного строя, охраны общественного порядка, прав и свобод человека, здоровья и нравственности населения, за исключением случая, когда получено согласие субъекта.»;

3) статью 8 дополнить пунктами 5, 6 и 7 следующего содержания:

«5. Срок действия согласия на обработку персональных данных не может превышать срок, необходимый для достижения целей сбора и обработки персональных данных, если иное не установлено законами Республики Казахстан или договором.

6. В случае, если срок действия согласия на сбор, обработку персональных данных не указан, оно считается действующим до достижения целей обработки, определенных при его предоставлении.

7. Субъект или его законный представитель имеет право отозвать согласие на сбор, обработку персональных данных, уведомив об этом собственника и (или) оператора, а также третье лицо.

В течение пятнадцати рабочих дней собственник и (или) оператор, а также третье лицо обязаны прекратить обработку персональных данных, если их хранение или обработка не требуется в соответствии с законодательством Республики Казахстан, либо представить мотивированный отказ.»;

4) статью 17 дополнить пунктом 3 следующего содержания:

«3. При сборе, обработке персональных данных для национальной платформы искусственного интеллекта обезличивание персональных данных осуществляется оператором национальной платформы искусственного интеллекта в соответствии с требованиями по управлению данными,

утвержденными Правительством Республики Казахстан, за исключением случая, когда обезличивание персональных данных произведено собственником и (или) оператором самостоятельно.»;

5) главу 2 дополнить статьей 19-1 следующего содержания:

«Статья 19-1. Требования к автоматизированной обработке персональных данных

1. Запрещается автоматизированная обработка персональных данных, в результате которой у субъекта возникают, изменяются или прекращаются права, законные интересы, за исключением случая, когда получено согласие субъекта, или в случаях, предусмотренных законами Республики Казахстан.

2. Собственник и (или) оператор, а также третье лицо обязаны разъяснить субъекту порядок автоматизированной обработки его персональных данных и возможные последствия, предоставить возможность заявить возражение против автоматизированной обработки его персональных данных, а также разъяснить порядок защиты субъектом своих прав, свобод и законных интересов.

3. Собственник и (или) оператор, а также третье лицо обязаны рассмотреть возражение, указанное в пункте 2 настоящей статьи, в течение трех рабочих дней со дня его получения и уведомить субъекта о результатах рассмотрения такого возражения.

Субъект вправе обжаловать действия (бездействие) собственников и (или) оператора, а также третьего лица в порядке, установленном законами Республики Казахстан.».

7. В Закон Республики Казахстан от 16 мая 2014 года «О разрешениях и уведомлениях»:

1) статью 52 дополнить пунктом 5 следующего содержания:

«5. Лицензии на оказание услуг по выявлению технических каналов утечки информации и специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий, а также в рамках деятельности оперативного центра информационной безопасности и деятельности службы реагирования на инциденты информационной безопасности, лицензии в сфере специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий, и на разработку средств криптографической защиты информации, выданные бессрочно, подлежат переоформлению в течение шести месяцев, начиная с 1 января 2026 года, лицензии с ограничением срока их действия – в соответствии с приложением 1 к настоящему Закону.»;

2) строки 27, 28 и 29 приложения 1 изложить в следующей редакции:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 27. | Лицензия на разработку средств криптографической защиты информации | | Неотчуждаемая; срок действия лицензии – 5 лет; класс 1 |
| 28. | Лицензия на оказание услуг по выявлению технических каналов утечки информации и специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий, а также в рамках деятельности оперативного центра информационной безопасности и деятельности службы реагирования на инциденты информационной безопасности | 1. Выявление технических каналов утечки информации и специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий.<br><br>2. Выявление технических каналов утечки информации и специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий, в рамках деятельности оперативного центра информационной безопасности.<br><br>3. Выявление технических каналов утечки информации и специальных технических | Неотчуждаемая; срок действия лицензии – 3 года; для подвидов срок действия лицензии – 3 года; класс 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий, в рамках деятельности службы реагирования на инциденты информационной безопасности. | |
| 29. | Лицензия на осуществление деятельности по разработке, производству, ремонту и реализации специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий | 1. Разработка и производство специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий. 2. Ремонт и реализация специальных технических средств, предназначенных для проведения оперативно-розыскных мероприятий. | Неотчуждаемая; срок действия лицензии – 5 лет; для подвидов срок действия лицензии – 5 лет; класс 1 |

».

8. В Закон Республики Казахстан от 24 ноября 2015 года «Об информатизации»:

1) в статье 1:

подпункт 30-6) после слов «юридического лица,» дополнить словами «являющееся резидентом Республики Казахстан без участия иностранных физических и юридических лиц,»;

в подпункте 30-7) слова «осуществляющее деятельность» заменить словами «являющееся резидентом Республики Казахстан без участия

иностранных физических и юридических лиц, осуществляющее реагирование на инцидент информационной безопасности»;

подпункты 43-1), 54) и 55) исключить;

2) пункт 1 статьи 7-2 дополнить подпунктом 10-1) следующего содержания:

«10-1) вправе обрабатывать персональные данные, безопасность которых нарушена, в целях информирования субъектов персональных данных;»;

3) дополнить статьей 9-1 следующего содержания:

«Статья 9-1. Лицензирование в сфере обеспечения информационной безопасности

1. Деятельность в сфере обеспечения информационной безопасности подлежит лицензированию в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях.

2. Лицензиаты в сфере обеспечения информационной безопасности представляют лицензиару отчеты, уведомления, перечень, формы и периодичность которых определяются лицензиаром в рамках квалификационных требований.»;

4) пункт 1 статьи 13 дополнить подпунктом 17-1) следующего содержания:

«17-1) осуществляет аналитику данных по запросу субъектов информатизации в соответствии с требованиями по управлению данными, утвержденными Правительством Республики Казахстан;»;

5) статьи 13-2 и 18-1 исключить;

6) статью 35 дополнить пунктом 2-2 следующего содержания:

«2-2. Доступ к электронным информационным ресурсам, являющимся конфиденциальными, оператору национальной платформы искусственного интеллекта осуществляется с учетом обеспечения обезличивания электронных информационных ресурсов. Данные представляются оператору национальной платформы искусственного интеллекта в соответствии с требованиями по управлению данными.»;

7) в пункте 6 статьи 36:

часть вторую изложить в следующей редакции:

«Автоматизированная обработка персональных данных осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан о персональных данных и их защите.»;

часть третью исключить;

8) статью 39 дополнить пунктом 7 следующего содержания:

«7. Создание и развитие систем искусственного интеллекта, отнесенных к объектам информатизации «электронного правительства», осуществляются с учетом особенностей, установленных законодательством Республики Казахстан в сфере искусственного интеллекта.»;

9) в пункте 3-3 статьи 54:

в абзаце первом слова «в течение года» заменить словами «в течение шести месяцев»;

дополнить абзацами четвертым и пятым следующего содержания:

«проходят процедуру испытаний на соответствие требованиям информационной безопасности;

предоставляют информацию по проведенному аудиту информационной безопасности в уполномоченный орган в сфере обеспечения информационной безопасности.».

9. В Закон Республики Казахстан от 9 апреля 2016 года «О почте»:

статью 23-1 дополнить пунктом 3 следующего содержания:

«3. Затраты (расходы) Национального оператора почты по доставке наличных денег в сельские населенные пункты Республики Казахстан возмещаются в порядке и на условиях, которые определяются Национальным Банком Республики Казахстан.

Такие затраты возмещаются при условии, если сто процентов пакета акций Национального оператора почты прямо или косвенно принадлежат государству.».

10. В Закон Республики Казахстан от 6 февраля 2023 года «О цифровых активах в Республике Казахстан»:

1) в статье 1:

дополнить подпунктом 4-1) следующего содержания:

«4-1) оборот цифрового актива – совершение гражданско-правовых сделок с цифровым активом;»;

подпункт 5) изложить в следующей редакции:

«5) биржи цифровых активов – юридические лица, осуществляющие организационное и техническое обеспечение торгов, выпуск, расчеты и хранение цифровых активов;»;

дополнить подпунктом 6-1) следующего содержания:

«6-1) выпуск цифрового актива – действие, направленное на возникновение цифрового актива в качестве объекта гражданских прав;»;

в подпункте 8) слова «и обработки данных» исключить;

в подпункте 9) слова «и производственного здания, расположенного» заменить словами «, обеспечивающий функционирование вычислительных мощностей, расположенный»;

в подпункте 10) слово «полученных» заменить словами «возникших (созданных)»;

2) в статье 8:

пункт 4 исключить;

пункт 5 изложить в следующей редакции:

«5. Осуществление деятельности по цифровому майнингу на территории Республики Казахстан разрешается индивидуальным предпринимателям, юридическим лицам Республики Казахстан и не относится к организации оборота цифровых активов.»;

пункт 6 исключить;

3) в пункте 4 статьи 10:

слово «полученных» заменить словами «возникших (созданных)»;

слова «выпуску и обороту» заменить словами «организации оборота»;

4) в статье 11:

пункт 1 дополнить частью второй следующего содержания:

«Деятельность по организации оборота цифровых активов осуществляется биржами цифровых активов.»;

в пункте 2 слово «открывает» заменить словами «, Национальный оператор почты Республики Казахстан открывают»;

пункт 5 изложить в следующей редакции:

«5. Запрещается организация оборота цифровых активов без соответствующей лицензии или разрешения на осуществление деятельности, связанной с цифровыми активами, выданных в соответствии с действующим правом Международного финансового центра «Астана» или законами Республики Казахстан.»;

5) в статье 14:

в абзаце первом слова «, за исключением пункта 4 статьи 8, который вводится в действие с 1 января 2024 года, установив, что данный пункт с 1 января 2024 года до 1 января 2025 года действует в следующей редакции:» исключить;

абзац второй исключить.

11. В Закон Республики Казахстан от 19 июня 2024 года «О масс-медиа»:

статью 14 дополнить пунктом 7 следующего содержания:

«7. Распространение продукции масс-медиа, созданной с использованием системы искусственного интеллекта, допускается только в случае обеспечения информирования о такой продукции в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об искусственном интеллекте».».

Статья 2. Настоящий Закон вводится в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня его первого официального опубликования, за исключением пункта 9 статьи 1, который вводится в действие

с 1 января 2025 года.

**Президент**
**Республики Казахстан**

**К. ТОКАЕВ**

Астана, Акорда, 17 ноября 2025 года

№ 231-VIII ЗРК